

КІРІСПЕ

Халыққа сапалы әлеуметтік қызмет көрсету ісі тұрғын үй жағдайын жақсарту, еліміздегі кез келген елді мекенде жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру сипатындағы мол мүмкіндіктермен үйлесімді түрде толығымен түсуге тиіс. Тұрғын үй құрылысы бағдарламасының басты бағыты болып мемлекеттегі тұрғын үй құрылысы қарқынының бірқалыпты өсуі, әрі осы құрылыстарға халықтың қолы жететіндей етіп, оның бағасының арзан болуы қажет. Осыған байланысты несиелерді өтеу мерзімінің ұзаруы және тұрғын үй несие пайыздарының төмендеуі қажет.

Бүгінде біз тұрғын үй құрылысына зор серпін беріп отырған «Нұрлы жер» бағдарламасын табысты іске асырылуда. Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды. Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырылды. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысын ұлғайту қажет. Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Бюджет есебінен салынатын жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасыға немесе 2 миллионнан астам азаматтарымызға қолдау көрсетеді.

Тұрғын үй құрылысы дамуы арқасында жеке әрі сапалы жоспарланған шаралар анықталып отыр. Ол жерде құрылысты жүргізетін мекеме және құрылысты іске асыру уақыты, өндіріс секторының дамуы, сонымен қатар шамаланған жұмыс көлемі және қаржыландыру көздері қарастырылып отыр.

Мемлекеттегі барлық тұрғын үй құрылысы бағдарламасының іске асырылуын мемлекеттің басшылығы бағалап отырады.

Ұйымдастыру шараларының жиынтығына келесілер жатады:

- тұрғын құрылысының дамуының аймақтық дайындық бағдарламасы;
- өндірістің қайта қалпына келуі арқасында тұрғын секторының дамуы;
- өңдеу жұмыстарының аяқталуы және облыстағы қала бас жоспарының бекітілуі;
- тұрғын үй және инженерлік тораптардың құрылысына қажет сметалық құжаттамаларын жасау, экспертиза және бекіту;
- тұрғын құрылысын жүргізуге конкурстар өткізу;
- үйлер мен ғимараттар құрылысы комитетімен салынатын үйлерді жобалау туралы сұрақтарды шешу;
- мемлекет тарапынан тұрғын үйлердің қалада орналасу орны, конструктивтік және инженерлік шаралары, рационалды көлемді-жоспарлық шешімдер дайындалуы тиіс.

1 Сәулеттік-құрылыстық бөлімі

1.1 Құрылыс аумағының сипаттамасы

«Алматы қаласындағы 50 пәтерлі тұрғын үй» тақырыбындағы дипломдық жоба қазіргі уақытта қолданылып жүрген, Мемлекеттік стандарттарға, ҚНЖЕ талаптарына және тұрғын массивтің жалпы қала құрылысы шешіміне сәйкестендіріліп орындалды.

Мұнда салынатын жердің еңістігі көрсетіліп, салынған және салынатын үймереттер мен ғимараттардың орны, олардың өлшемдері, бағытталуы, жел тармақтарына қарай жоспарлануы көрсетілді.


Құрылыстың салынатын орны – Алматы қаласы.

- Климаттық аудан – III B;
- Ғимарат класы – II;
- Өртке қарсылық дәрежесі – II;
- Қызмет ету дәрежесі – II;
- Сыртқы ауаның есептік температурасы:
- ең суық бес күндікі – 21⁰С;
- ең суық тәуліктегі – 28⁰С;
- Қар жүгінің нормативті мәні – 70кгс/м² (0.7кПа);
- Жел екпінің нормативті мәні – 38кгс/м² (0.38кПа);
- Құрылыс алаңының сейсмикалық әсері – 9 балл;
- Топырақ суының деңгейі – 17м-ден төмен;
- Топырақтың 0⁰С градустағы максимальды қату тереңдігі – 170см;
- Суық жабдықтау – орталық желіден;
- Ыстық сумен және жылуына жабдықтау, объект территориясында орналасқан.

Жобаланып отырған объект Алматы қаласында орналасқан. Ғимараттың негізгі функциональдық міндеті адамдарды баспанамен қамтамасыз ету.

Кесте 1 - Жел-раушанын есептеу кестесі

Бағыттар	С	С Ш	Ш	ОШ	О	ОБ	СБ	Б
Жарык айлары								
Қаңтар	9	12	7	23	16	20	6	7
Шілде	4	11	6	45	17	8	4	4



Сурет 1.1-Жел раушаны

1.2 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімі

Тұрғын үй ғимараты - 7 қабатты екі секциялы және жоспардағы өлшемі 45,4 x 14,6 м. Қабат биіктігі 3,3 м. Секциядағы барлық пәтерлер қабат бойынша жедел саты мен сатылардың тік коммуникация түйіндерінің жан-жағында топтастырылған. Пәтерлерге кіру есіктері саты алаңында орналасқан. Тұрғын үйдің жоспарлық шешімі бойынша, біріншіден бесінші қабаттарға дейін (типтік қабаттар) бір секцияда төрт пәтерден.

Тұрғын үйдің пәтерлер құрамы төмендегідей (1.1-1.7 кестелерге қара):

Кесте 1.1 - Бөлмелердің экспликациясы

Пәтер	Ауданы, м ²
1 бөлмелі	47,1
2 бөлмелі	75,5
4 бөлмелі	145,5
5 бөлмелі	175,6

Кесте 1.2 - 1 бөлмелі пәтер (47,1 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	20,8
Холл Кіре беріс	9,5
Ас үй асхана	10,5
Дәретхана	4,3

ҚЫЛТИМА	5,5
---------	-----

Кесте 1.3 - 2 бөлмелі пәтер (75,5 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	23
Жатын бөлме	18
Ас үй	11,3
Дәліз	12,1
Дәретхана	1,5
Дәретхана	3,2
ҚЫЛТИМА	5,7

1.3 Кесте - 2 бөлмелі пәтер (75,5 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	20,8
Жатын бөлме	17,4
Ас үй	10,5
Дәліз	19
Дәретхана	4,3
Дәретхана	5
ҚЫЛТИМА	5,5
Терасса	18,6

Кесте 1.4 - 5 бөлмелі пәтер (175,6 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	21,9
Жатын бөлме	17,8
Жатын бөлме	15,7
Жатын бөлме	17,4
Ас үй	13
Дәліз	15,7

Балалар бөлмесі	13,7
-----------------	------

1.4 кесте жалғасы

Терасса	17,7
Терасса	12,9
Дәретхана	2,9
Дәретхана	2,9
Дәретхана	1,8
ҚЫЛТИМА	5,4
ҚЫЛТИМА	5,4

Кесте 1.5 - 4 бөлмелі пәтер (145,5 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	23
Жатын бөлме	18
Жатын бөлме	10,9
Ас үй	11,3
Дәретхана	5,1
Дәретхана	1,5
Терасса	24,1
ҚЫЛТИМА	5,7

Кесте 1.6 - 5 бөлмелі пәтер (144,6 м²)

Бөлме аттары	Ауданы, м ²
Қонақ үй	23,2
Жатын бөлме	18,5
Жатын бөлме	15,4
Жатын бөлме	16,7
Ас үй	12,1
Дәліз	15,7
Терасса	18,3
Балалар бөлмесі	14,7

Дәретхана	3,1
Дәретхана	1,7
Дәретхана	1,7

Кесте 1.6 жалғасы

Қылтима	5,5
Кіре беріс холл	11,8

Кесте 1.7 - Басқа бөлмелер

Бөлмелер аты	Ауданы, м ²
Саты алаңы	15
Холл	17

1.3 Сәулеттік-конструктивті шешімдер

Тұрғындық блок-секция:

- Конструктивті түрі – қаңқалы
- Конструктивті үлгі – бойлық және көлденең қабырғалармен

Іргетастар

Іргетас – тұтасқұймалы темірбетонды тақта, В25 класты бетоннан, тақта биіктігі 100мм қаңқамен арматураланған және А-400 жеке сырықтармен жобаланған. Монолитті темірбетонды іргетасты тақтаны салу алдында қалыңдығы 100мм В7,5 бетонды класты бетонды дайындық жасалады.

Ұстындар

Ұстын – бұрыштық, орталық және шеткі – тұтасқұймалы темірбетонды, ұстын қимасының өлшемдері конструктивтік шешімдерге байланысты 40x40см, В25 класты бетон қолданылады.

Арқалықтар

Шеткі және ортаңғы арқалықтар– тұтас құймалы темірбетонды, төртбұрышты қимада, арқалықтар қимасының өлшемдері конструктивтік шешімдерге байланысты өзгереді: 40x50см.

Қабырғалар

Сыртқы қабырға қалыңдығы 500мм ұяшықты бетонды қабырғалы блоктан тұрады.

Жертөленің сыртқы қабырғалары – 300мм тұтасқұймалы бетоннан құйылып, ішкі 200мм қабырғалы блоктармен қаланады Қабырға сыртынан суоқшаулағыш қабат қаракағаздан тұрады.

Аралық қабырғалар – ішкі аралық қабырғалар қалыңдығы 100мм және 120мм қабырғалық «КазГазоБлок» газоблоктан жасалған. Аралық қабырғалардың бетонмен және аражабынмен қосылу орындарында 1,5м дюбельмен бекітілген.

Ішкі қабырғалар – қалыңдығы 500мм, 250мм, 120мм және 100мм ұяшықты қабырғалы блоктардан орындалады.

Төбежабын

Төбежабын – шатыр төртқабатты орамды, жазық. Еңіс жасау үшін полистеролды бетоннан және керамзит қиыршық тасты жылытқыш. Жабын құрылымы монолитті темірбетон қалыңдығы 160мм. Темірбетон үсті буоқшаулағыш бір қабат пермагин қарақағаздан және жылуоқшаулағыштың қабаты, керамзит қиыршық тастың, қалыңдығы 170–250мм еңіспен. Түзегіш цементті-күмды сылақ қалыңдығы 30мм. Жылуоқшаулағыш шатырдың бір қабаты 6мм, МБК-Г65 мастиктегі қиыршық тас 6мм. Үстіңгі қабатты суоқшаулағыш қабаттан тұрады.

Аражабындар

Тұрғын үй ғимаратының аражабындары мен жабыны тұтасқұймалы темірбетоннан орындалады.

Аражабын – аражабын қалыңдығы 260мм, бетон класы В25және А-400 класты арматуралы монолитті темірбетоннан жобаланады.

Баспалдақтар

Баспалдақ сатытізбегі мен алаңшалардан тұрады. Сатының еңістігі мен енінің өлшемдері әр түрлі болуы мүмкін: еңісі 1:2 қатынасындай, ені 1200мм, қалыңдығы 220мм. Ғимараттың қабат аралық биіктігі 3,0м, жерасты бөлігінде 3,6м, бірінші және типтік қабаттарда 3,0м болғандықтан, сатытізбегінде 10 қабылдаймыз. Сонымен, жобалаған ғимаратта сатытізбегінің еңісі 1:2 болса, ал сатылардың өлшемін 300x150 мм деп қабылдадық.

Жеделсатылар

Ғимаратта жеделсатылардың екі түрі бар: бірі – 550кг жолаушылар жеделсатысы, екіншісі – 1000кг жүктасығыш жеделсатысы. Олардың саны ғимаратта төртеу. Жеделсаты – жеделсатылық шахталары арматурасының класы А-400 және бетонның класы В25 темірбетонды монолитті жобаланған.

1.4 Жылу техникалық шешімі

Сыртқы қабырға қалыңдығын есептеу. Ғимараттың сыртқы қабырға қалыңдығын және жылу таратуға кедергісін есептеуінің бастапқы деректері және алғы шарттары:

- Салқындалатын ғимараттар мен имараттардың қоршаушы құрылымдарының керекті жылу тарату кедергісін ҚНЖЕ 2.11.02-87 бойынша алу қажет.

- ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2003 (1* және 2 қосымша) бойынша Қазақстан аймағының ылғалдылық аймағы – ылғал. Бөлмелердің ылғалдылық режимі – бірқалыпты. Пайдалану (эксплуатация) жағдайы – Б.

Жылыту мезгілінің градус-тәулігінің (ЖМГС) келесі формула бойынша анықтау керек.

$$ЖМГС = (t_{iш} - t_{ж.бу}) Z_{ж.бу} \quad (1.1)$$

мұндағы $t_{iш}$ - МСТ 12.1.005.88*-ге сәйкес гимараттар мен имараттарды жобалау нормаларына сәйкес алынатын ішкі ауаның есептік температурасы, °С (16÷18);

$t_{ж.бу}$, $Z_{ж.бу}$ -ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001 бойынша 8°С-ден төмен және оған тең ауаның орташа тәуліктік температурасы және ұзақтығы, тәулік.

Алматы қаласы үшін: $Z_{ж.бу} = 168$ күн; $t_{ж.бу} = -1,6$;°С

$$ЖМГС = (20 + 1,6) \cdot 168 = 3628,8^\circ\text{С} \cdot \text{тәулік};$$

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергісі (1*-кесте). $R_0^{каж}$ аралық мәндерін интерполяциямен анықтау керек.

$$R_0^{каж} = 1,452^\circ \quad \text{С/Вт};$$

Санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес келетін қоршаушы құрылымдардың (жарыққа мөлдір қоршаушыларды ескермегенде) жылу таратуға керекті кедергісін келесі формуладан анықтайды:

$$R_0^{каж} = \frac{n(t_{iш} - t_c)}{\Delta t^H \cdot \alpha_{iш}}; \quad (1.2)$$

мұндағы n -3*-кесте бойынша сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты қабылданатын коэффициент;

$t_{iш}$ -(1.1) формула бойынша;

t_c -ҚР ҚНЖЕ 2.04-2001 бойынша қамтамасыз етілген ең салқын бес күндіктің орташа температурасына тең сыртқы ауаның есептік қысқы температурасы, °С;

Δt^H -2*-кесте бойынша алынатын ішкі ауа температурасы мен қоршаушы құрылымның ішкі беті температура арасындағы нормативтік температуралық айырма;

α_i -4-кесте бойынша алынатын қоршаушы құрылымдардың ішкі беттерінің жы-лу беру коэффициенті.

Алматы қаласы үшін: $t_{iu}=20^{\circ}\text{C}$; $n=1$; $t_c=-21^{\circ}\text{C}$; $\Delta t^c=4,0^{\circ}\text{C}$;

$$\alpha_i = 8,7 \quad ^{\circ}\text{C}/\text{Вт}$$

$$R_0^{\text{қаж}} = \frac{1(20 + 21)}{4,0 \cdot 8,7} = 1,178 \frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}}$$

мұндағы $R_0^{\text{қаж}} = 1,178 \frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}}$ – Алматы қаласы үшін жылу таратуға қажетті кедергісі.

Көп қабатты қоршаушы құрылымдардың қабатының сондай-ақ біртекті (бірқабатты) қоршаушы құрылымның жылулық кедергісі R -ді, $\frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}}$ келесі формула арқылы анықтау керек:

$$R = \frac{\delta}{\lambda} \quad (1.3)$$

мұндағы δ -қабат қалыңдығы, м;

λ -қабат материалының жылуөткізгіштік есептік коэффициенті, $\frac{\text{Вт}}{\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}}$, 3*-кесте-мен қабылданады

$$\delta_1 = 0,005 \text{ м} - \text{сыртқы бөлігі әктасты-құмды сылақ}, \lambda_1 = 0,81 \frac{\text{Вт}}{\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}};$$

$$\delta_2 = 0,5 \text{ м} - \text{газобетонды қабырғалы блок}, \lambda_2 = 0,112 \frac{\text{Вт}}{\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}};$$

$$\delta_3 = 0,07 \text{ м} - \text{ішкі бөлігі жіңішке қабатты бұөткізгіш сылақ}, \lambda_2 = 0,9 \frac{\text{Вт}}{\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}};$$


$$R_1 = \frac{0,005}{0,81} = 0,0062 \frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}};$$

$$R_2 = \frac{0,5}{0,112} = 4,464 \frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}};$$

$$R_3 = \frac{0,07}{0,9} = 0,078 \frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}};$$

Қоршаушы құрылымның жылу таратуға керекті кедергісін $R_0^{\text{кер}}$, $\frac{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}{\text{Вт}}$ келесі формуламен анықтау қажет:

$$R_0^{\text{кер}} = \frac{1}{\alpha_{iu}} + R_{\kappa} + \frac{1}{\alpha_{сырт}} \quad (1.4)$$



Сурет 1.3-Сыртқы қабырға конструкциясы

мұндағы $\alpha_{iш}$ -(2) формула, $\frac{Вт}{м^2 \cdot ^\circ C}$;

$\alpha_{сырт}$ -ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 «Құрылыс жылу техникасы» б*-кесте бойынша алынатын қоршаушы құрылымның сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\frac{Вт}{м^2 \cdot ^\circ C}$;

$$\alpha_{сырт} = 23 \frac{Вт}{м^2 \cdot ^\circ C};$$

мұндағы R_k -қоршаушы құрылымның жылулық кедергісі, $\frac{м^2 \cdot ^\circ C}{Вт}$ бір-текті (бірқабатты) үшін (5) формуламен анықталады.

Тізбектеліп орналасқан біртекті қабаттары бар қоршаушы құрылымдардың жылулық кедергісі R_k -ны, $\frac{м^2 \cdot ^\circ C}{Вт}$ жеке қабаттардың жылулық кедергілерінің қосындысы ретінде анықтау керек.

$$R_k = R_1 + R_2 + \dots + R_n \quad (1.5)$$

$$R_k = 0,0062 + 4,464 + 0,078 = 4,5482 м^2 \cdot C/Вт$$

$$R_0^{кеp} = \frac{1}{8,7} + 4,464 + \frac{1}{23} = 4,623 м^2 \cdot C/Вт$$

Енді қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға керекті кедергісін қажетті кедергісінен салыстыратын болсақ, $R_0^{кер} > R_0^{каж}$ шарты орындалу қажет.

$$4,623 \frac{m^2 \cdot ^\circ C}{Вт} > 1,178 \frac{m^2 \cdot ^\circ C}{Вт}, \text{ яғни шарт орындалды.}$$

Сыртқы қабырғаның қабылданған қабат қалыңдықтары жылу бергіштік бойынша жағдайларды қанағаттандырады.

1.4 Антисейсмикалық шаралар

Ғимаратты жобалау кезінде көлемдік – жоспарлық, конструктивтік шешімдерді симетриялық, және массаның біртекті таралуын қамтамасыз ететіндей етіп жобаланды. Және де оның жоспармен, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген.

Ғимараттың негізгі жүккөтеретін материалы монолитті темірбетон. Материал сейсмика жүктемесіне берікті, орнықты.

Қаңқаның конструктивтік жүйесі бірнеше рет статикалық анықталмаған. Осындай конструктивті жүйелер сейсмикаға орнықты болады. Қаңқаның негіз бөлігі, және түйіндерін қосу, конструкциялау жер сілкінісі кезде бірге жұмыс жасайтындай етіп орындау керек.

Жүккөтеретін элементтердің қосу түйінін максималды кернеуден тыс жерде қосу керек.

Ғимаратты сейсмика кезінде орнықтылығы мен беріктілігін диафрагма қаттылығы қамтамсыз етеді. Диафрагма қаттылығы ғимараттың жоспары бойынша симетриялы орналысқан. Ғимаратта қалыңдығы 200мм, 400мм диафрагма қаттылықтары бар.

Ғимарат топырағының сейсмикалығы 2 топқа жатады. Топырақ түрі құмдақ. Ғимарат салу процесі кезінде ғимарат негізінің қасиеттерін көтеретін арнайы инженерлік шаралар өткізуге болады.

2. Есептік - конструктивтік бөлім

Есептік конструктивтік бөлімде жоба бойынша «Алматы қаласындағы көлік тұрағы бар тоғыз қабатты бизнес орталығы» дипломдық жобаның есебі мен құрастырулары жүргізілді.

Конструкциялық жүйе бойынша ғимарат монолитті қаңқадан тұрады. Іргетасы серпімді негізде орналасқан жабын, қалыңдығы – 1000мм. Жер асты қабырғалары монолитті, қалыңдығы – 400мм. Қатаңдық ядросы (диафрагма) ғимарат бойымен тұтас қамтылған монолитті, қалыңдығы – 300мм. Ригелдердің қимасы – 400x500(bxh). Ұстындардың қимасы - 600x500мм және 400x400мм. Аражабындар монолитті тұтас алғашқы екі қабатының қалыңдығы – 250мм, ал қалған аражабындар мен төбе жабынның қалыңдығы – 200мм.

Темірбетонды элементтер бетон классы В25 орындалған және жұмысшы арматура классы А500С, көлденең арматура классы А240.

Есеп шеткі элементтер әдісі арқылы, «ЛИРА-9.6» программалық кешенімен есептелген.

Есеп ҚНЖЕ 2.01.07-85 «Жүктемелер мен әсерлер» талаптарына сәйкес ерекше және негізгі жүктемелер жинағы арқылы есептелген және ҚР ҚНЖЕ 2.03-30-2006 «Сейсмикалық аудандардағы құрылыс» талаптарын ескеріп ерекше жүктемелердің 20 тербеліс формасы қарастырылды. Есептік сейсмикалық жүктемелер ҚР ҚНЖЕ 2.03-30-2006 «Сейсмикалық аудандардағы құрылыс» талаптарына сәйкес ($K_1=1$; $K_2=0.25$; $K_3=1,24$; $K_0=1$; $A_T=0.5$; $A_B=0.4$;) қабылданды.

2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру

2.1- кесте

Жүктемелерді жинақтау

Конс. атауы	Жүктемелер атауы мен еден қабатының түрлері	Өзг. бірл.	Нормативтің жүктеме нің мәні	Үг	Есептік жүктем енің мәні	
1	3	4	5	6	7	
Төбе жабын	Тұрақты жүктемелер:					
	Су оқшаулағыш 2 қабат	кг/м ²	10	1,2	12,0	
	Пенополистирол, $\delta=800$ мм, $\rho=5$ кг/м ³	кг/м ²	4	1,2	5,0	
	Темірленген цементті-құмды ерітінді құймасы $\delta=50$ мм, $\rho=2000$ кг/м ³	кг/м ²	100	1,3	130,0	
	Керамзитті ұнтақ, $\delta=220$ мм, $\rho=650$ кг/м ³	кг/м ²	143,0	1,3	186,0	
	Бу оқшаулағыш	кг/м ²	10,0	1,2	12,0	
	Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²				350
	Уақытша жүктемелер:					
Ұзақ мерзімді (инженерлік коммуникациялық)	кг/м ²	30	1,3		39	

Кесте 2.1 жалғасы

Аражабындар	Қысқа мерзімді (қардан)	кг/м ²	70	1,4	<u>98</u>	
	Қысқа мерзімді (шатырлы аймақ)	кг/м ²	70	1,3	<u>91</u>	
	Тұрақты жүктемелер:	кг/м ²				
	Линолеум	кг/м ²	10	1,3	13	
	Темірленген цементті-құмды ерітінді құймасы δ=40мм, ρ=2000 кг/м ³	кг/м ²	80	1,3	104	
	Пеналы бетон, δ=40 мм, ρ=1600 кг/м ³	кг/м ²	60	1,3	78	
	Аралық қабырғалар	кг/м ²	50	1,3	65	
	Ілінбелі төбе	кг/м ²	30	1,3	39	
	Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²			<u>300</u>	
	Уақытша жүктемелер:					
Еден. Белгідегі -3,300 мен -6,60	Ұзақ мерзімді	кг/м ²	70	1,3	91	
	Қысқа мерзімді	кг/м ²	200	1,2	240	
	Тұрақты жүктемелер:	кг/м ²				
	Темірленген бетонды жабын, δ=20 мм, ρ=2400 кг/м ³		480	1,2	576	
	Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²			<u>576</u>	
	Уақытша жүктемелер:					
	Ұзақ мерзімді	кг/м ²	150	1,3	195	
	Қысқа мерзімді	кг/м ²	500	1,2	600	
	Қоршаушы қабырға	Тұрақты жүктемелер:	кг/м ²			
		Витраждар	кг/м ²	120	1,2	132
Қоршаушы қабырға	Тұрақты жүктемелер:					
	Керамзитті блоктар δ=30 мм, ρ=650 кг/м ³	кг/м ²	195	1,3	254	
	Сылақ δ=20 мм, ρ=2000 кг/м ³	кг/м ²	40	1,2	48	
	Керамикалық тақтайша δ=10 мм, ρ=2000 кг/м ³	кг/м ²	20	1,3	26	
	Барлығы	кг/м ²			<u>328</u>	
Парапет	Тұрақты жүктемелер:					
	Керамикалық тақтайша δ=10 мм, ρ=2000 кг/м ³ (Н=1.4м)	кг/м	28	1,3	36,4	
	Сылақ δ=20 мм, ρ=2000 кг/м ³ (Н=1.4м)	кг/м	56	1,2	67,2	
	Кірпіш δ=380 мм, ρ=1800 кг/м ³ (Н=1.0м)	кг/м	684	1,2	820,8	
	Ригель 400x400мм, ρ=2500 кг/м ³	кг/м	400	1,2	480	
	Барлығы	кг/м			<u>1404,4</u>	

Есептік жүктемелердің үйлесімі (ЛИРА9.6) ҚНЖЕ 2.01.07-85 талаптарына сәйкес қабылданды.

2.2- кесте

Есептік жүктемелердің үйлесіміне арналған коэффициенттер

№ жүкт.	Жүктемелеу атауы	Түрі	1 негізгі	2 негізгі	Ерекш ^e (С)	Ерекш ^e (б.С)
1	Жүктемелеу 1 Өз салмағы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
2	Жүктемелеу 2 Аражабындар. Қабырғалар. Оқшаулағыштар. Төбе жабын.	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
3	Жүктемелеу 3 Топырақ қысымы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
4	Жүктемелеу 4 Ұзақ мерзімді	Уақытша ұзақ мерзімді (Д)	1.000	0.950	0.800	0.950
5	Жүктемелеу 5 Қысқа мерзімді	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.900	0.500	0.800
6	Жүктемелеу 6 Қар	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.900	0.500	0.800
7	Загружение 7 Сейсмика Х	Сейсмика (С)	0.000	0.000	1.000	0.000
8	Загружение 8 Сейсмика Y	Сейсмика (С)	0.000	0.000	1.000	0.000

2.1 Ортаңғы қатардағы ұстынның есептеуі

Есептік жүктемеден бойлық күшті анықтау

Ұстын торындағы ортаңғы ұстынның жүк ауданы $5.4 \times 5.4 = 29.2 \text{ м}^2$.

Ғимаратқа тағайындалған сенімділік коэффициентін ескеріп бір қабатқа жабыннан түсетін тұрақты жүктеме $\gamma_n = 0,95$: $4,74 \cdot 29.2 \cdot 0,95 = 150 \text{ кН}$;

ригельден: $b \cdot h \cdot L \cdot \rho \cdot \gamma_n \cdot \gamma_f = 0,3 \cdot 0,4 \cdot 5.4 \cdot 25 \cdot 0,95 \cdot 1,1 = 17 \text{ кН}$

тіректен: $0,4 \cdot 0,4 \cdot 3 \cdot 25 \cdot 0,95 \cdot 1,1 = 12,5 \text{ кН}$.

Қорытынды: $G = 150 + 17 + 12.5 = 179.5 \text{ кН}$

Жабыннан бір қабатқа түсетін уақытша жүктеме, $\gamma_n = 0,95$ ескерсек:

$Q = 6 \cdot 29.2 \cdot 0,95 = 165.3 \text{ кН}$

Сонымен қатар ұзақ:

$Q = 3 \cdot 29.2 \cdot 0,95 = 82.6 \text{ кН}$

Аз уақытты:

$$Q=3 \cdot 29.2 \cdot 0,95=82.6 \text{ кН}$$

Шатыр және плитаның салмағы 5.25 кН/м^2 болғандағы, жабыннан түсетін тұрақты жүктеме:

$$5.25 \cdot 29.2 \cdot 0,95=160 \text{ кН}$$

ригельден – 17 кН; баганадан – 12.5 кН

$$\text{Қорытынды: } G=160+17+12.5=189.5 \text{ кН}$$

Уақытша жүктеме – қар, I-ші қар ауданының коэффициенттері $\gamma_f=1,4$ және $\gamma_n=0,95$ болған жағдайда:

$$Q=0,5 \cdot 1,4 \cdot 29.2 \cdot 0,95=20 \text{ кН}$$

I және II қар аудандары уақытша жүктемені қардан аз уақыт қабылдайды.

Ұзақ жүктемеден бірінші қабаттың ұстынында пайда болатын бойлық күш:

$$N=189.5+20+(179.5+82.6) \cdot 3=995.8 \text{ кН.}$$

Толық жүктемеден:

$$N=995.8+82.6 \cdot 3=1243.6 \text{ кН.}$$

Ұзақ уақытты жүктемеден болатын, жертөле ұстынының бойлық күші:

$$N=995.8+179.5+82.6=1258 \text{ кН.}$$

Толық жүктемеден:

$$N=1258+82.6 \cdot 4=1588.4 \text{ кН.}$$

Есептік жүктемеден ұстында болатын иілу моментін анықтау

Жертөле жабын ригелінің бірінші қабаттағы тірек моментін табамыз. 11 [1], $k_1=1,2 \cdot k=1,2 \cdot 0,91=1,1$ қосымшасына сәйкес есепке енгізілетін қатандық бойындағы қарым-қатынас. 1+2 моментерін үлестірмей енгізгенде, ұстынның максимальді моменті табылады.

Ұзақ жүктеме кезінде:

$$M_{21} = (\alpha \cdot g + \beta \cdot v) \cdot l^2$$

$$M_{21} = -(0,0912 \cdot 28,3 + 0,0734 \cdot 18,5) \cdot 5.4^2 = -114.8 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_{23} = (\alpha \cdot g + \beta \cdot v) \cdot l^2$$

$$M_{23} = -(0,0852 \cdot 28,3 + 0,0126 \cdot 18,5) \cdot 5.4^2 = -77.1 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Толық жүктеме кезінде:

$$M_{21} = -114.8 - 0,0734 \cdot 18,5 \cdot 5.4^2 = -154 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_{23} = -77.1 - 0,0126 \cdot 18,5 \cdot 5.4^2 = -84 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Раманың түйініндегі тіреу моментерінің абсолютті белгілерінің айырмашылығы:

$$\text{Ұзақ жүктеме кезінде: } \Delta M = 114.8 - 77.1 = 37.8 \text{ кН} \cdot \text{м} ;$$

$$\text{Толық жүктеме кезінде: } \Delta M = 154 - 84 = 70 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Жертөле ұстынының иілу моменті– ұзақ жүктемеден:

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 37.8 = 15.2 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

– толық жүктемеден:

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 70 = 28 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Бірінші қабат ұстынының иілу моменті–ұзақ жүктеме кезінде:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 37.8 = 22.7 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

– толық жүктемеден:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 70 = 42 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Максимальды бойлық күштерге сәйкес, ұстынның иілу моментін анықтаймыз. Ол үшін ригелдің пролетін 1-ші сұлба бойынша енгіземіз.

Ұзақ жүктемелерден: $\Delta M = (0,0912 - 0,0852) \cdot 25 \cdot 5,4^2 = 8,2 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Жертөле ұстындардың

– иілу моменттері: $M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 8,2 = 3,3 \text{ кН} \cdot \text{м}$

– Бірінші қабат: $M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 8,2 = 5 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Толық жүктемеден:

$\Delta M = (0,0912 - 0,0852) \cdot 35,6 \cdot 5,4^2 = 11,4 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Иілу моменттері

–жертөле ұстындары: $M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 11,4 = 4,5 \text{ кН} \cdot \text{м}$

–бірінші қабат: $M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 11,4 = 6,8 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Ортаңғы ұстынның қатаңдығын есептеу

Ортадан тыс сығылғын ұстын $\xi > \xi_R$ болған жағдайда (2 жағдай), арматураның қимасын табу үшін іріктеу әдісін қолданамыз. Арматураның симметриялылығының $A_s = A'_s$ есептік формулаларын, үш теңдік жүйесін бірге есептеу арқылы табады. Олар: бойлық күштің, σ_s үшін эмпириялық тәуелділік пен моменттің тепе-теңдік теңдігі. Осы формулалар арқылы В25 және одан төмен бетоннан жасалған элементтерді есептеу келесі кезек бойынша:

1. Анықтаймыз

$$\alpha_n = \frac{N}{R_b b h_0} > \xi_R; \quad (2.1)$$

$$\xi = \frac{\alpha_n (1 - \xi_R) + 2\alpha_s \xi_R}{1 - \xi_R + 2\alpha_s} > \xi_R; \quad (2.2)$$

$$\alpha_s = \frac{\alpha_n \left(\frac{e}{h_0} - 1 + \frac{\alpha_n}{2} \right)}{1 - \delta'}; \quad \delta' = \frac{\alpha'}{h_0} \quad (2.3)$$

2. Минималь пайызды арматуралау бойынша, $\alpha_s \leq 0$ болса $A_s = A'_s$ конструктивті қабылдаймыз.

3. $\alpha_s > 0$ болса төмендегідей анықтаймыз.

$$A_s = A'_s = \frac{N e / h_0 - \xi (1 - \xi / 2) / \alpha_n}{R_s (1 - \delta')} \quad (2.4)$$

Бетон мен арматураның орнықтылығының сипаттамасы

Ригельдегі сияқты бетон класын В25 және арматура класын А-III қабылдаймыз. Есептік күш комбинациясы (жертөле ұстыны үшін): $\max N = 1588,4$ кН, сондай-ақ ұзақ уақытты жүктемеден $N_{\square} = 1258$ кН және сәйкес момент $M = 4,5$ кН·м сондай-ақ, $M = 3,3$ кН·м.

$M_{\max} = 28$ кН·м, және $M_{\square} = 15,12$ кН·м сондай-ақ, 1+2 –сәйкес белгілерді енгізу $N = 1588,4 - 165,3/2 = 1506$ кН, сонымен қатар

$N_0 = 1258 - 82,6/2 = 1216$ кН.

Симметриялы арматураның қимасының үйлесімділігі

Қиманың жұмыстық биіктігі $h_0 = h - a = 40 - 4 = 36$ см, ені $b=40$ см.

Күштің эксцентриситеті:

$$e_0 = M / N = 28 / 1506 = 0,02 м = 2, см$$

Кездейсоқ эксцентриситеті:

$$e_0 = h / 30 = 40 / 30 = 1,33 см \text{ немесе}$$

$$e_0 = l_{col} / 600 = 300 / 600 = 0,5 см, 1 см-ден кем емес.$$

Күштің эксцентриситеті $e_0 = 2 см$ кездейсоқ эксцентриситеттен $e_0 = 1,33 см$ үлкен болғандықтан, оны статикалық анықталмаған жүйені есептеу үшін қолданамыз. Жүктің центрінен өтетін сығылған (созылған) арматураның, оське қатысты қима моментінің белгілерін анықтаймыз.

Ұзақ жүктеме кезінде:

$$M_{II} = M_l + N_l(h/2 - a) = 15.12 + 1216 \cdot (0,4/2 - 0,04) = 209.7 кН \cdot м;$$

Толық жүктеме кезінде:

$$M_1 = M + N(h/2 - a) = 28 + 1506 \cdot (0,4/2 - 0,04) = 269 кН \cdot м.$$

$$l_0 / i = 300 / 11,56 = 25,95 > 14 \text{ қатысты, мұндағы } i = 0,289 \cdot h = 11,56 см \text{ – инерция радиусы.}$$

Симметриялы арматурамен (алдын ала кернеуленбеген) критикалық бойлық күштің тік бұрышты қимасы үшін:

$$N_{cr} = \frac{6,4 E_b A}{l^2} \left[\frac{i^2}{\varphi_b} \left(\frac{0,11}{0,1 + \delta} + 0,1 \right) + \alpha \mu_1 \left(\frac{h}{2} - a \right)^2 \right] \quad (2.5)$$

Көп қабатты ғимараттың құрама жабынындағы ригель мен ұстын қатаң байланысқан жағдайда, ұстынның есептік ұзындығын қабат биіктігіне тең етіп қабылдаймыз $l_0 = l = 3 м$.

Ауыр бетон үшін

$$\varphi_l = 1 + M_{II} / M_1 = 1 + 209.7 / 269 = 1 + 0,78 = 1,78$$

$$\delta = e_0 / h = 2 / 40 = 0,05 < \delta_{min} = 0,5 - 0,01 \frac{l_0}{h} - 0,01 R_b = 0,5 - 0,01 \cdot \frac{300}{40} - 0,01 \cdot 13.05 = 0,28$$

$\delta = 0,28$ қабылдаймыз.

Серпімділік модуліне қатысты:

$$\alpha = E_s / E_b = 200000 / 24000 = 8,33.$$

Арматураның коэффициентін $\mu_1 = 2 A_s / A = 0,025$ қабылдаймыз және критикалық күшті табамыз:

$$N_{cr} = \frac{6,4 \cdot 24000 \cdot 40 \cdot 40}{300^2} \left[\frac{11,56^2}{1,78} \left(\frac{0,11}{0,1 + 0,28} + 0,1 \right) + 8,33 \cdot 0,02 \left(\frac{40}{2} - 4 \right)^2 \right] = 43125 кН \quad \eta$$

коэффициентін есептейміз:

$$\eta = \frac{1}{1 - \frac{N}{N_{cr}}} = \frac{1}{1 - \frac{1506}{43125}} = 1,036$$

e мәні төмендегідей:

$$e = e_0 \eta + h/2 - a = 2 \cdot 1,036 + 40/2 - 4 = 18,07 \text{ см}$$

Сығылган зонаның салыстырмалы шектік биіктігін анықтаймыз:

$$\xi_R = \frac{\omega}{1 + \frac{\sigma_{SR}}{\sigma_{scu}} \left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)} \quad (2.6)$$

мұндағы $\omega = 0,85 - 0,008 R_b = 0,85 - 0,008 \cdot 13,05 = 0,7456$

$$\xi_R = \frac{0,7456}{1 + \frac{365}{500} \left(1 - \frac{0,7456}{1,1}\right)} = 0,6$$

Есептейміз:

$$\alpha_n = \frac{1506}{13,05 \cdot 10^3 \cdot 0,4 \cdot 0,36} = 1,15 > \xi_R = 0,6;$$

$$\delta' = \frac{\alpha'}{h_0} = \frac{4}{36} = 0,111$$

$$\alpha_s = \frac{1,15 \left(\frac{18,07}{36} - 1 + \frac{1,15}{2} \right)}{1 - 0,111} = 0,12 > 0;$$

$$\xi = \frac{1,15(1 - 0,6) + 2 \cdot 0,12 \cdot 0,6}{1 - 0,6 + 2 \cdot 0,12} = 0,94 > \xi_R = 0,6;$$

Арматура ауданының формуласы төмендегідей:

$$A_s = A'_s = \frac{N e / h_0 - \xi(1 - \xi/2) / \alpha_n}{R_s (1 - \delta')} = \frac{1506 \cdot 10^4 \cdot 18,07/36 - 0,94(1 - 0,94/2) / 1,15}{365 \cdot 10^3 (1 - 0,111)} = 6,03 \text{ см}^2$$

$2\text{Ø}20$ А-III с $A_s = 6,28 \text{ см}^2$; $\mu_1 = 2 \cdot 6,28 / 1600 = 0,02$ қабылдаймыз.

11.2 [1] тараушаға сәйкес ригельді тірейтін ұстын консольін табамыз. Ригельдің тіреу қысымы $Q = 257,78$ кН. Ригель ені $b_{bm} = 25$ см болса, тіреу ауданының ұзындығын $l = 20$ см қабылдаймыз және (11.17) [1]: шартын тексереміз:

$$\frac{Q}{\psi l b_{bm}} = \frac{257,78}{0,75 \cdot 0,2 \cdot 0,25 \cdot 10^3} = 4,58 \text{ МПа} < R_b = 13,05 \text{ МПа}$$

5 см саңылауды ескергендегі, консоль қыры $l_1 = 25$, (11.18) [1] формуласына сәйкес ұстын қыры мен күш Q аралығы:

$$a = l_1 - l/2 = 25 - 20/2 = 15 \text{ см.}$$

Ұстын қырындағы консоль қимасының биіктігі төмендегідей:
 $h = (0,7 \div 0,8) h_{bm} = 0,8 \cdot 60 = 48 \approx 50$ см;

Сығылган қырдың көлбеу бұрышы $\gamma = 45^\circ$ болса, консольдің бос шеті $h_1 = 50 - 25 = 25$ см, сонымен қатар $h_1 = 25 \geq h/2 = 50/2 = 25$ см, яғни шарт орындалады.

Консоль қимасының жұмысшы биіктігі $h_0 = h - a = 50 - 3 = 47$ см.

$l_1 = 25$ см $< 0,9 \cdot h_0 = 0,9 \cdot 47 = 42,3$ см, болғандықтан консоль қысқа болу керек.

Консоль горизонталь қамыттармен арматураланады $\text{Ø}6$ А-I с $A_{sw} = 2 \cdot 0,282 = 0,564 \text{ см}^2$, адым $s = 10$ см (сонымен бірге $s < 50/4 = 12,5$ см және $s < 15$ см) және иіндері $2\text{Ø}16$ А-III с $A_s = 4,02 \text{ см}^2$.

(11.19) [1] шарты бойынша консоль қимасының беріктігін тексереміз:

$$Q \leq 0,8 \varphi_{w2} R_b b l \sin^2 \theta$$

$$\mu_{w1} = A_{sw} / b s = 0,564 / 40 \cdot 10 = 0,0014$$

$$\alpha_s = E_s / E_b = 210000 / 24000 = 8,75.$$

$$\varphi_{w2} = 1 + 5\alpha_s \mu_{w1} = 1 + 5 \cdot 8,75 \cdot 0,0014 = 1,061$$

$$\sin^2 \theta = h^2 / (h^2 + l_1^2) = 50^2 / (50^2 + 25^2) = 0,8$$

Сонымен бірге:

$$0,8\varphi_{w2} R_b b l \sin^2 \theta = 0,8 \cdot 1,061 \cdot 13,05 \cdot 10^3 \cdot 0,4 \cdot 0,2 \cdot 0,8 = 709 \text{ кН}$$

(11.19) оң шарттың бөлігін төмендегіден аспайтын етіп қабылдаймыз:

$$3,5R_{bt} b h_0 = 3,5 \cdot 0,94 \cdot 10^3 \cdot 0,4 \cdot 0,47 = 618 \text{ кН}$$

Бұдан, $Q = 257,78 \text{ кН} < 618 \text{ кН}$ – яғни беріктілік қамтамасыз етілді. (11.22) формула бойынша ұстын қырындағы консольдің иілу моментін табамыз: $M = Q \cdot a = 257,78 \cdot 0,15 = 38,66 \text{ кН} \cdot \text{м}$. $\zeta = 0,9$ болса, бойлық арматура қимасының ауданын (11.21) формуласы бойынша табамыз:

$$A_s = 1,25M / R_s \zeta h_0 = 1,25 \cdot 38,66 \cdot 10^4 / 365 \cdot 10^3 \cdot 0,9 \cdot 0,47 = 3,1 \text{ см}^2.$$

2Ø16 А-III $A_s = 4,02 \text{ см}^2$ қабылдаймыз.

2.2 Ортадан жүктелген ұстынның іргетасы

Іргетас бітеуінің жанындағы ұстынды күшейту:

1) $N = 1588,4 \text{ кН}$, $M = 4,5/2 = 2,25 \text{ кН} \cdot \text{м}$, эксцентриситет

$$e_0 = M / N = 2,25 / 1588,4 = 0,002 \text{ м} = 0,2 \text{ см};$$

2) $N = 1506 \text{ кН}$, $M = 28/2 = 14 \text{ кН} \cdot \text{м}$, эксцентриситеті

$$e_0 = M / N = 14 / 1506 = 0,01 \text{ м} = 1 \text{ см};$$

Эксцентриситет мәндері біршама кішкентай болғандықтан, ұстын іргетасын центрлі жүктелген деп есептейміз. Есептік күш $N = 1588,4 \text{ кН}$; Жүктеу бойынша сенімділік коэффициентінің орта шамасы $\gamma_f = 1,15$, нормалы жүктеу $N_n = 1588,4 / 1,15 = 1381 \text{ кН}$.

Топырақтың есептік кедергісі $R_0 = 0,4 \text{ МПа}$; ауыр бетон В25 классты; арматура А-II классты $R_s = 280 \text{ МПа}$. Іргетас бетоны мен оның шетіндегі топырақ ауданының бірлік салмағы $\gamma = 20 \text{ кН/м}^3$.

Іргетас биіктігін шамалап $H = 900$ (300 мм еселі) қабылдаймыз. Іргетасты құю тереңдігі $H_1 = 2200 \text{ мм}$. Іргетас табанының ауданын алдын-ала оның ені мен құю тереңдігін түзетпей R_0 қабылдаймыз:

Квадрат табанның өлшемдері $a = \sqrt{4,2} = 2,05 \text{ м}$. $a = 2,4 \text{ м}$ тең етіп қабылдаймыз (0,3 м еселі). Есептік жүктемеден топырақ түсетін қысым:

$$p = N/A = 1588,4 / 2,4^2 = 275 \text{ кН/м}^2.$$

(12.5) формуланың қысу шарты бойынша іргетастың жұмысшы биіктігі:

$$h_0 = -0,25(h_c + b_c) + 0,5 \sqrt{\frac{N}{R_{bt} + p}} = -0,25(0,4 + 0,4) + 0,5 \sqrt{\frac{1588,4}{0,94 \cdot 10^3 + 275}} = 0,38 \text{ м}$$

Шарт бойынша іргетастың толық биіктігін анықтаймыз: қысылған–
 $H = 38 + 4 = 42 \text{ см}$;

ұстынның сығылған арматурасын анкерлеу 20 А-III, В25 класты ұстын бетонда

$$H = 24 \cdot 2,8 + 25 = 92,2 \text{ см}.$$

Іргетас ақырғы биіктігін $H = 90 \text{ см}$ қабылдаймыз, $h_0 = 90 - 4 = 86 \text{ см}$ – үш сатылы.

Іргетастың жұмысшы биіктігі төменгі сатысына жауап беруін, тексереміз:
 III-III қимасында басталатын, $h_{02}=30-4=26$ см шарты бойынша, көлбеу қиманың көлденең арматураланбаған күшінің көлденең орнықтылығы. Осы қима енінің бірлігі үшін ($b=100$ см):

$$Q = 0,5(a - h_{col} - 2h_0)p = 0,5(2,4 - 0,4 - 2 \cdot 0,86)275 = 38,5кН$$

$c=2,5h_0$ болса келесі формула:

$Q = 0,6\gamma_{b2}R_{bt}h_{02}b = 0,6 \cdot 1,05 \cdot 0,94 \cdot 10^3 \cdot 0,26 \cdot 1 = 153,9кН > 38,5кН$ –орнықтылық шарты орындалады.

I-I мен II-II қималардағы есептік иілу моменттері (12.7) формула бойынша:

$$M_I = 0,125 \cdot p(a - h_{col})^2 b = 0,125 \cdot 275(2,4 - 0,4)^2 2,4 = 330кН \cdot м$$

$$M_{II} = 0,125 \cdot p(a - a_1)^2 b = 0,125 \cdot 275(2,4 - 0,9)^2 2,4 = 185кН \cdot м$$

Арматура қимасының ауданы:

$$A_{sI} = \frac{M_I}{0,9h_0R_s} = \frac{330 \cdot 10^4}{0,9 \cdot 0,86 \cdot 280 \cdot 10^3} = 15,2см^2$$

$$A_{sII} = \frac{M_{II}}{0,9h_{01}R_s} = \frac{185 \cdot 10^4}{0,9 \cdot 0,56 \cdot 280 \cdot 10^3} = 13,1см^2$$

20Ø12 А-II стержінді жұмысшы арматураны екі бағытта да дәнекерленген тор етіп бірдей қабылдаймыз, адымы $s=125$ мм ($A_s=22,6$ см²).

Есептік қиманы арматуралау пайызы:

$$\mu_I = \frac{A_{sI}}{b_I h_0} = \frac{22,6}{90 \cdot 86} \cdot 100\% = 0,3\%$$

$$\mu_{II} = \frac{A_{sII}}{b_{II} h_{01}} = \frac{22,6}{150 \cdot 56} \cdot 100\% = 0,27\%$$

$\mu_{min}=0,05\%$ -ден көп.

2.1-суретте іргетастың есептік сұлбасы мен арматуралауы көрсетілген.

2.3 «ЛИРА-9.6» программасында конструкцияларды есептеу

Есептер А қосымшасында көрсетілген

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім

3.1 Техникалық карталарды жобалау

Ғимарат мен үймереттерді тұрғызу өз кезегінде, жеке процесстерге бөлшектенетін құрылыс жұмыстарының қатарынан қалыптасады. Құрылыс жұмыстары нақтылы технологиялық тізбекте іске асады: даярлайтын жұмыстар - жер асты бөлікті дайындау, немесе «нөлдік цикл», жер үсті бөлігін тұрғызу - конструкциялардың монтажі - өңдеу жұмыстары - аумақты сәулеттендіру. Құрылыс мерзімін қысқарту мақсатында бұл жұмыстарды уақыт бойынша белгілейді, яғни ағымдық әдісті қолданады. Бұл әдіс машиналар мен механизмдерді тиімді қолдануға, құрылыс құнын төмендетуге және еңбек өнімділігін жоғарлатуға көмектеседі. Құрылыс конструкцияларын монтаждау жетекші құрылыс процесстеріне жатады және ағым нысанының құрылымын, құрылыс нысанының жалпы екпінін, басқа құрылыс жұмыстарының жобалау әдістері мен ретін анықтайды. Сонымен бірге, басқа құрылыс жұмыстарын орындағанда, монтаж жұмысын қосқанда, ғимарат немесе үймерет түріндегі өнім алу мақсатындағы технологиялық процесспен – ағыммен қатар жүру қажет.

Биік ғимараттарды тұрғызудың түпкі мәселелерінің бірі болып, қаңқаның негізгі конструктивті элементтерінің монтажі болып табылады. Монтаждың нақтылығы тек тораптың конструктивтік шешімі мен торап байланысының сапасына ғана емес, сонымен қатар, технологиялық жабдықтау және монтаждық жұмыстардың геодезиялық қамтамасыз етілуіне де тәуелді. Монтаждың сапасы құрама конструкцияларды жабдықтаудың ұқыптылығына да байланысты.

Жерасты бөлігі

Жұмыс көлемін анықтау

Кесіндінің өсу бөлігінің ауданы:

$$S_{cp} = (10 + c + 10) \cdot (10 + d + 10) = (10 + 50.8 + 10) \cdot (10 + 22.8 + 10) = 1994.15 \text{ м}^2$$

Қазаншұңқыр ауданын анықтау:

Қазаншұңқыр асты бойынша ені:

$$e_1 = e + 2mh_k = 22,8 + 2 \cdot 0,7 \cdot 3,6 = 27,84 \text{ м}$$

Қазаншұңқыр үсті бойынша ені:

$$e_1 = e + 2mh_k = 50,8 + 2 \cdot 0,7 \cdot 3,6 = 55,88 \text{ м}$$

Қазаншұңқыр ауданы:

$$V_k = \frac{h_k}{6} [(2a + a_1) \cdot b + (2a_1 + a) \cdot b_1] = \frac{3,6}{6} [(2 \cdot 55,88 + 27,84) \cdot 50,8 + (2 \cdot 27,84 + 55,88) \cdot 53,4] = 3910,49 \text{ м}^3$$

Топырақты жеткізбеу ауданы:

Іргетас стаканы орналасатын жерде гана, механизацияланган қазаншұңқырдың түбін өңдейміз.

$$V_{нед.} = F \cdot \Delta n = 906,24 \cdot 0,15 = 135,93 \text{ м}^3;$$

F - котлованның төмен жагының көлемі;

Δn - топырақты жеткізбеу қалыңдыгы (0,15...0,2).

Топырақтың кері төсемі:

$$V_{о.з.} = Vn - (V_k - V_{\phi}) / K_{о.р.} = 3909 - (3910,49 - 239,2) / 1,04 = 381,85 \text{ м}^3;$$

мұндагы V_k - қазаншұңқыр көлемі;

V_{ϕ} - іргетас көлемі;

$K_{о.р.}$ -қалдық қопсыту коэффициенті;

Vn – жертөле көлемі;

Үйіндідегі топырақ көлемі:

$$V_{отв.} = V_{о.з.} = 381,85 \text{ м}^3;$$

Көлік жабдықтарындагы топырақ көлемі:

$$V_{тр.ср.} = V_{тр.и к} - V_{о.з.} = 3910,49 - 381,65 = 3528,84 \text{ м}^3;$$

Жер жұмыстарына кешенді-механизациялық процесстің әдісін таңдау

Көлемі 3910,49 м³ және тереңдігі 2,20 м қазаншұңқырды өңдеу үшін экскаватор көлігін таңдаймыз. Қазаншұңқыр көлеміне қарай ожау түрін таңдаймыз. Қазіргі жағдай үшін $V_{ожау.} = 1,5 \text{ м}^3$ орынды болады. Ожау көлеміне қарай экскаватор түрін таңдаймыз:

Көлемі 1,5 м³ ожау үшін, ЭО-5115 маркалы экскаваторды таңдаймыз.

Дайындау мен жоспарлы жұмыстар, сондай-ақ, кері төгіс пен нашар топырақ үшін, жетекші көлік ретінде ДТ-75 трактор базасында, ДЗ –25 бульдозерін белгілейміз. Үйіндінің ені 1.1, ал ұзындығы 2,6.

Жинаққа кіретін көліктерден, жетекші көлік ретінде ДЗ-25 бульдозер өндірісін толығырақ пайдалану үшін, кезекті эксплуатациялық өндірісі тең немесе үлкен болуы қажет.

Экскаватор ЭО-5115:

Қопсыту құны 1м^3 :

$$C=1,08 * C_{\text{маш}} / \Pi_{\text{см. выр.}} = 1,08 * 23,78 / 125,43 = 0,18$$

1,08 – қосымша шығындарды ескеретін коэффициент

$C_{\text{маш}} - 23,78$ у.е.

$$\Pi_{\text{см. выр.}} = V_{\text{кот}} / \Pi_{\text{м. см.}} = 3910,49 / 13,44 = 135,43$$

$$\Pi_{\text{м. см.}} = (V_{\text{нов}} * N_1 / 100 + V_{\text{тер}} * N_2 / 100) / 8,2 = (2915 * 3,6 / 100 + 115 * 4,6 / 100) / 8,2 = 13,44$$

N_1 – экскаватордың жұмыстан шығуының қалыпты уақыты

N_2 – көлік жұмысы кезінде.

Салыстырмалы қаражат шығару:

$$K = 1,07 * C_{\text{инв}} / \Pi_{\text{см. выр.}} * t_{\text{жыл}} = 1,07 * 16400 / 125,43 * 350 = 0,37$$

$C_{\text{инв}} - 16,4$ тыс. у.е. – инвентарлық есептік құн

$T_{\text{жыл}} - 350$ см

Кеткен шығындар:

$$\Pi = C + E * K = 0,114 + 0,22 * 0,37 = 0,19$$

E - қалыпты коэффициент

Экскаватор ЭО-4112:

$$C = 1,08 * C_{\text{маш}} / \Pi_{\text{см. выр.}} = 1,08 * 28,37 / 173,1 = 0,17$$

$C_{\text{маш}} - 28,37$ шартты бірлік

$$\Pi_{\text{см. выр.}} = V_{\text{кот}} / \Pi_{\text{м. см.}} = 3910,49 / 10,44 = 173,1$$

$$\Pi_{\text{м. см.}} = (V_{\text{нов}} * N_1 / 100 + V_{\text{тер}} * N_2 / 100) / 8,2 = (2915 * 2,8 / 100 + 115 * 3,5 / 100) / 8,2 = 10,44$$

$N_1 - 2,8$; $N_2 - 3,5$

$$K = 1,07 * C_{\text{инв}} / \Pi_{\text{см. выр.}} * t_{\text{жыл}} = 1,07 * 17580 / 173,1 * 350 = 0,185$$

$C_{\text{инв}} - 17,58$ мың. ш.б.; $t_{\text{жыл}} - 350$ см

$$\Pi = C + E * K = 0,105 + 0,27 * 0,185 = 0,146$$

0,19>0,14 болғандықтан; ЭО-5115 үнемдірек. Алдыңғы жұмыстар үшін қабылдаймыз. Параметрлер: қазба жұмысының ең үлкен радиусы – 9,2 м; қазба жұмысының ең үлкен тереңдігі – 8,2м; түсіру жұмысының ең үлкен радиусы – 8,3м; двигательдің қуаты - 103 кВт; жылжу жылдамдығы– 2 км/ч; масса – 36,3 т. Жұмыс жабдығының ауысымы тік және кері күректі, драглайн, грейфер, кран.

Дайындау мен жоспарлы жұмыстар, сондай-ақ, кері төгіс пен нашар топырақ үшін, жетекші көлік ретінде ДТ-75 трактор базасында, ДЗ –25 бульдозерін белгілейміз. Үйіндінің ені 1.1, ал ұзындығы 2,6.

Жинаққа кіретін көліктерден, жетекші көлік ретінде ДЗ-25 бульдозер өндірісін толығырақ пайдалану үшін, кезекті эксплуатациялық өндірісі тең немесе үлкен болуы қажет.

Экскаватордың кезекті эксплуатациялық өндірісін анықтау
-көлік құралдарында:

$$P_9 = T \cdot 60 \cdot g \cdot n \cdot K_c \cdot K_e = 8,2 \cdot 60 \cdot 1,5 \cdot (60/24,6) \cdot 0,8 \cdot 0,75 = 1080 \text{ м}^3/\text{см};$$

-үйіндіде:

$$P_9 = T \cdot 60 \cdot g \cdot n \cdot K_c \cdot K_e = 8,2 \cdot 60 \cdot 1,5 \cdot (60/20,6) \cdot 0,8 \cdot 0,82 = 1181 \text{ м}^3/\text{см};$$

мұндағы T – ауысым ұзақтығы (8,2 сағ.);

g – ожаудың геометриялық көлемі, м³;

n – бір минуттағы цикл саны = 60/ $t_{ц}$;

$t_{ц}$ – бір цикл уақыты;

K_c – ожау көлемін қолдану коэффициенті;

K_e – ауысым уақытын қолдану коэффициенті [ЕниР-2-1].

бульдозердікі:

$$P_9 = 60T \cdot q \cdot \alpha \cdot K_B / T_K \cdot T_{II} + I_r / V_r + I_{II} / V_{II} = 60 \cdot 8,2 \cdot 3 \cdot 0,82 \cdot 0,8 / 0,18 + 0,10 + (72/40) + (72/84) = 329,34 \text{ м}^3/\text{см}$$

мұндағы T – бір ауысымдағы бульдозер жұмысының ұзақтығы;

q – бульдозерге топырақты тығыз салғандағы бір айналымда апаратын көлемі;

α – айналым кезіндегі жоғалатын топырақты ескеретін коэффициенті;

K_B – көлікті уақытқа қолдану коэффициенті;

T_{II} – топырақты жию ұзақтығы, мин.;

T_n – жылдамдықты ауыстыруға кеткен уақыт, мин.;

L, l_n – жүкпен және жүксіз есептік жылжу аралығы, метр;

V, V_n – бульдозердің жүкпен және жүксіз жылдамдығы,

м/мин.

Монтаж крандарын таңдау
КБ-403 мұнара кранын аламыз.
Жүк көтерімділігін тексереміз:

$$Q=Q_э+Q_{осн}=3,59+0,0948=3,68$$

Көтерімділік биіктігі:

$$H_{кр}=H_0+h_э+h_э+h_{стр}=0+0,5+0,9+4=5,4$$

H_0 -кран тұрған деңгейден құрастырылатын элемент тірегiнiң артуы;
 $h_э$ -монтаж ыңғайлығы және қауiпсiздiк шартына қажет запс биiктiгi;
 $h_э$ - элемент биiктiгi;
 $h_{стр}$ -строповка биiктiгi

Өзi жүретiн кран КБ-403таңдаймыз. Жебе ұзындығы–30м; жебенiң ең аз қашықтықтағы жүк көтергiштiгi– 8 т.

Қазанишұңқырды өңдеуге қажеттi, көлiк құралдарын салыстыру және таңдау

Экскаватормен өңделетiн топырақты тасу және тасымалдау автосамосвал арқылы жүзеге асырамыз. Тасымалдау қашықтығына (1,5км) қарай, $V_k = 1,5м^3$ болса, автосамосвалдың жүк көтергiштiгiн = 10 тонна таңдаймыз. Автосамосвалдың жүк көтергiштiгiне байланысты КрАЗ-222 автосамосвалын таңдаймыз.

Салыстырмалы түрде КамАЗ-ды алайық. $V_k = 1,5м^3$ болса, автосамосвалдың жүк көтергiштiгi =8тонна. Автосамосвалдың жүк көтергiштiгiне байланысты КрАЗ-222 автосамосвалын таңдаймыз.

3.2 Жалақы, машиналық уақыт және еңбек шығынының калькуляциясын құрастыру

«Процесс аты» графасына жұмыс көлемiнiң ведомосiндағы бүкiл жұмыстар жазылады

«Өлшем бiрлiктер» графасы уақыт пен құн нормасы берiлетiн жұмыс көлемi арқылы, ЕНиР бойынша толтырылады.

«Жұмыс көлемi» графасы, өзгерген өлшем бiрлiктерiн ескерiп, жұмыс көлемi ведомосiндегi графасына сәйкес толтырылады.

«ЕНиР –дi негiздеу» графасында ЕНиР коды, жұмыс, кесте номерi көрсетiледi.

«Уақыт нормасы» және «Бағалау» графаларында белгiлi жұмыс пен көлем үшiн, ЕНиР бойынша толтырады

«Еңбек шығыны» графасы уақыт нормасын сәйкес жұмыс көлеміне көбейткенде шығады.

«Жалақы» графасы баганы сәйкес жұмыс көлеміне көбейткенде шығады.

«Звено құрамы» графасы әр жұмысқа сәйкес ЕНиР бойынша толтырылады.

3.3 Кесте - Машина, механизм және инвентарь қажеттілігі

Аты	Техникалық мінездемесі, маркасы	Саны	Тағайындалуы
1. Ұсақ қалқанды қалау	Суга төзімді фанера мен палубалы ағаш - металл	3629м ²	Конструкцияны тұрғызу
2. Бульдозер.	ДЗ-25 трактор базасында ДТ-75; $l_{отв} = 2,6м$, $h_{отв} = 1,1м$, үйінді түрі – бұрылыссыз	1	Топырақты жеткізбеуді өңдеу, топырақтың кері үйіндісі.
3.Экскаватор	ЭО-5115, $V_{ожау} = 1,5м^3$, $l_{стр} = 15м$.	1	Көлік құрылғысына және котлованга топыраққа өңдеу.
4. Автосамосвал	КрАЗ-222, $Q = 10т.$; $h = 2,76м$; $b = 2,65м$; Кузов сиымдылығы= $7,5м^3$	3	Экскаватор өңдейтін топырақты тасымалдау.
5.Трамбовка	МЭ-4502 $m = 85,5кг$, Қуат= $0,4кВт$, Кернеу= $220В$	1	Кері үйінді кезіндегі топырақты өңдеу.
6. Кран	КБ-403 $Q = 8т.$; $l_{стр} = 30м$. Мұнаралы кран	1	Конструкция монтажи
6.Техникалық теодолит.	Т 30	2	Құрастырылатын элементтерді дәлдеу.
7.Техникалық нивелир.	НА 10	1	Құрастырылатын элементтерді дәлдеу.

3.3 Жұмыс көлемін анықтау

Біртұтас темірбетон конструкцияларын тұрғызу жұмыстарының көлемі Б-қосымшасында көрсетілген.

3.3 Жалақы, машиналық уақыт және еңбек шығынының калькуляциясын құрастыру

«Процесс аты» графасына жұмыс көлемінің ведомосіндегі бүкіл жұмыстар жазылады

«Өлшем бірліктер» графасы уақыт пен құн нормасы берілетін жұмыс көлемі арқылы, ЕНиР бойынша толтырылады.

«Жұмыс көлемі» графасы, өзгерген өлшем бірліктерін ескеріп, жұмыс көлемі ведомосіндегі графасына сәйкес толтырылады.

«ЕНиР –ді негіздеу» графасында ЕНиР коды, жұмыс, кесте номері көрсетіледі.

«Уақыт нормасы» және «Бағалау» графаларында белгілі жұмыс пен көлем үшін, ЕНиР бойынша толтырады

«Еңбек шығыны» графасы уақыт нормасын сәйкес жұмыс көлеміне көбейткенде шығады.

«Жалақы» графасы бағаны сәйкес жұмыс көлеміне көбейткенде шығады.

«Звено құрамы» графасы әр жұмысқа сәйкес ЕНиР бойынша толтырылады.

3.5 Техника-экономикалық көрсеткіштерін анықтау

Техника-экономикалық көрсеткіштерін анықтау

Жұмыстың жалпы еңбек сыйымдылығы

$$Q_{\text{общ}} = (\Sigma Q_m + \Sigma Q_p) / V * 8,2 = (7532,6 + 9520) / 6541,86 * 8,2 = 0,051 \text{ адам.күн./м}^3;$$

мұндағы ΣQ_m – механикалық операциялардың соммалық еңбек сыйымдылығы, маш.сағ.

ΣQ_p – қол операциялардың соммалық еңбек сыйымдылығы, адам сағ.;

V – жұмыс көлемі, м³;

Топырақты өндеудің жалпы өзіндік құн:

$$C_{\text{жалпы}} = 1,08 \cdot \Sigma C_{\text{м.см}} + 1,5 \cdot \Sigma C_{\text{з.н.}} / \Pi_{\text{см.}} = 1,08 \cdot 137,5 + 1,5 \cdot 717,7 / 199,94 = 6,1 \text{ ш.б./м}^3;$$

мұндағы $C_{м.см}$ – Көлік жинағына кіретін алмастыру көлігінің құны [$C_{м.алм.}(бульд.) = 32,1$; $C_{м.алм.}(экс.) = 31,08$; $C_{м.алм.}(самосв.) = 34,56$; $C_{м.алм.}(кран) = 39,76$].

$\Sigma C_{з.п}$ – механизациялық емес жұмыстарды орындайтын жұмысшы жалақысы;

$P_{см}$ – жетекші көліктің ауысымдық өндірістілігі

3.6 Құрылыстық бас жоспары

Құрылыс бас жоспарының жалпы тағайындалуы

Құрылыс бас жоспар аумағына құрылыс кезінде салынып жатқан және қолданыстағы, негізгі монтажбен механизмдердің жүк көтергіштігі көрсетілген, үймереттер, құрылыс, уақытша ғимараттар жатады. ҚБЖ еңбек қорғау талаптарын ескеріп, қолдану барысында максималді тиімді болатындай, құрылыс шаруашылығының объектілерінің құрылымы мен орналасу орнын анықтау үшін арналған. ҚБЖ — уақытша құрылыс көлемі мен реттемелеуші аумақты ұйымдастырудың негізгі құжаты және техникалық құжаттандырудың маңызды құрама бөлігі болып табылады.

Жобалаудың жалпы принциптері

ҚБЖ құжаттар жиынтығының бір бөлігі болып табылады және оның шешімдері жобаның басқа бөлімдерімен байланысты болуы қажет.

Құрылыс алаңындағы уақытша ғимараттар

Уақытша ғимараттарға құрылыс-монтаж жұмыстарын өндірумен қамтамасыз ететін, көмекші жер асты және қызмет көрсету объектілер жатады. Уақытша ғимараттарды құрылыс кезеңінде ғана салады. Уақытша ғимарат пен уақытша жолдар құны, уақытша құрылыс шаруашылығын негізгі шығын бабы және оларды қысқарту ҚБЖ-ды жобалауда маңызды мәселе болып табылады.

Шаруашылық және басқармалық ғимараттар 50 м кем емес шаң бөлетін объектіден алынуы керек және оларға қатысты жел жақта орналасуы керек. Жұмыс орнына қашықтық 200 м аспауы керек. Ас қабылдау бөлмесіне дейін – 500 м, уақтша ғимарттар аркасы 3м кем болмауы керек.

